



МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР АЛАҢЫ

Кезекті ректорат мәжілісінде студент білімі сараланатын әрі бағаланатын қысқы емтихан тақырыбы кеңінен сарапқа салынды.

ВЫСОКОЕ ДОВЕРИЕ ЕВРОПЕЙСКОГО СОЮЗА

Казахстанская Ассоциация инженерного образования (KazSEE) стала авторизованным членом Европейской сети по обеспечению качества в инженерном образовании с правом выдачи знака качества EUR-ACE.



Впервые казахстанская организация получает столь высокое признание со стороны общественно-профессиональной сети Европейского сообщества. В Брюсселе (Бельгия) на заседаниях Административного Совета и Генеральной Ассамблеи Европейской сети по обеспечению качества в инженерном образовании (ENAE) экспертным сообществом было подтверждено полное соответствие KazSEE стандартам и процедурам проведения аккредитации EUR-ACE. В ходе реализации проекта Европейского союза TEMPUS QUEECA, KazSEE совместно с европейскими партнерами подготовила экспертов, разработала стандарты и провела несколько процедур аккредитации.

На сегодняшний день правом выдачи знака качества EUR-ACE Label обладают всего 15 ведущих аккредитационных агентств Европы, теперь среди них и KazSEE. Теперь в случае успешного прохождения аккредитации образовательных программ вузами в KazSEE их выпускники смогут проходить общественно-профессиональную сертификацию и получить возможность трудоустройства в Европейском Союзе. Следует отметить, что Казахстанская Ассоциация инженерного образования подписала Худжандское соглашение, став тем самым одним из основателей Центрально-Азиатской федерации инженерного образования.

Пресс-служба

Айнұр АҚЫНБАЕВА

«Қоғамдық сананы жаңғыртуда жоғары оқу орнының рөлі: университет 4.0 моделіне көшу» атты 48-ші ғылыми-әдістемелік конференция өтетінін хабардар етті.

Сонымен қатар жиын барысында QS сарапшыларымен жұмыс туралы стратегиялық даму орталығы директорының орынбасары Ерлан Түргенбаев беделді халықаралық QS рейтингінде қазақстандық жоғары оқу орындары арасында ҚазҰУ үздік нәтиже көрсеткенін тілге тиек етті. Ол жыл сайынғы QS Emerging Europe және Central Asia рейтингі университеттердің онлайн қатысуын және PhD деңгейінде білікті қызметкерлердің үлесін қоса алғанда, сегіз түрлі көрсеткіш бойынша университеттерді бағалау арқылы жасалатынын алға тартты. Сондай-ақ ол: «RUR рейтингі 6 пән саласы бойынша үздік университеттерді бағалау жүйесі ретінде құрылған: гуманитарлық, жаратылыстану, техникалық, қоғамдық, биологиялық және медициналық ғылымдар. RUR рейтингіне ЖОО мәліметтерін халықаралық Thomson Reuters компаниясы деректерді арнайы зерттеу – Global Institutional Profiles Project (GIPP) арқылы ұсынады. Сауалнама жыл сайын жүргізіледі және әлем бойынша 850-ге жуық жетекші университеттерді қамтиды», - деп атап өтті.

Сондай-ақ жиын аясында Ұлыбритания іс-сапарының қорытындылары туралы Экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы Римма Сағиеваның және Жапония іс-сапары жайлы шығыстану факультетінің деканы Ықтияр Палтөренің баяндамалары тыңдалып, өзге де тақырыптар талқыға түсті.

Бұл жөнінде 2017-2018 оқу жылының қысқы емтихан сессиясының қорытындылары туралы оқу жұмысы жөніндегі проректор Асқар Хикметов баяндама жасады. Қысқы емтихан сессиясына 18734 білім алушы қатысты. Ал емтихандар саны докторантура бойынша 391, магистратура бойынша 1921, бакалавриат бойынша 4946-ны құрады. Проректор сессияда қолданылған мәтіндік тапсырмалар мен емтихандық билеттер университет кафедраларындағы эксперттік комиссияның бағалау процедурасынан өтіп, факультеттің оқу әдістемелік кеңесінде бекітілгенін, оқу процесін ұйымдастыру және бақылау департаментіне жіберіліп отырғанын атап айтты. «Барлық емтихандар ауызша, жазбаша және компьютерлік тестілеу түрінде бейне камерамен жабдықталған аудиториялар мен дәрісханаларда жүргізілді. Емтихан сессиясының барысын бақылап, мониторингін жүргізу мақсатында білім беру үдерісінің мониторинг бөлімінің, академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты қызметкерлерінен, факультет декандары мен декан орынбасарлары және басқа да жауапты тұлғалардың ішінен арнайы жалпы университеттік және факультеттік жұмыс комиссиялары құрылды», - деді проректор. Ол ағымдағы жылғы емтихан сессиясын өткізу бойынша әр факультет көрсеткішіне жекелей сараптама жасап, академиялық борышы бар студенттердің өткен жылғы пайыздық үлесі мен университет студенттерінің оқу жетістіктері динамикасына тоқталды. Сондай-ақ проректор 2018 жылдың 18-19 қаңтар аралығында университетімізде

БҮГІНГІ САНДА:

ПАРТНЕРСТВО ВО
ИМЯ МИРА



2-стр.

ДИЗАЙН
ТҮЙТКІЛДЕРІ
ТАЛҚЫЛАНДЫ



3-бет

ЗИМНЯЯ 46-Я СПАРТАКИАДА
«ЗДОРОВЬЕ» НАБИРАЕТ
ОБОРОТЫ



8-стр.

Өткен жылдың соңғы айында университетіміздің халықаралық байланыс және ынтымақтастық саласындағы қызметінде бірнеше сәтті қадамдар жасалды.

ҚЫТАЙ ОҚУ ОРЫНДАРЫМЕН БАЙЛАНЫС АРТУДА



Желтоқсан айының 11-15 жұлдызы аралығында ҚХР-дың Шанхай және Пекин қалаларында ҚР Білім және ғылым министрлігі мен Халықаралық бағдарламалар орталығының бірлесе ұйымдастыруымен «Қазақстан ЖОО-ларының білім көрмесі» өтті. Халықаралық көрмеге әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті бастаған 20-дан астам қазақстандық жоғары оқу орындары қатысты. Шара барысында қазақстандық ЖОО-лардың жетістіктері кенінен таныстырылды. Бұл туралы қытайлық және қазақстандық БАҚ жарыса хабар таратты.

Қазақ ұлттық университеті көрме аясында нақты нәтижелерге қол жеткізді. Атап айтсақ, қытайлық жетікші ЖОО өкілдерімен кездесулер ұйымдастырылды. 11-13 желтоқсан аралығында Шанхай қаласының Фудан университетінде өткен көрме барысында аталған қалада орналасқан Tongji University, Shanghai University, Donghua University, Shanghai Normal University, Shanghai Polytechnic university, 14-15 желтоқсан аралығында Пекин біріккен университеті қабырғасында ұйымдастырылған көрмеде Beijing Normal University, North China University of Technology, Minzu University of China, Beijing Jiaotong University, China University of Petroleum Beijing, Central University of Finance & Economics және қалаға жақын орналасқан провинциялық Ningbo university атты оқу орындарымен екіжақты серіктістік сұрақтары талқыланды. Жемісті кездесулер барысында екіжақты академиялық ұтқырлық, студенттер мен оқытушылар алмасу, жазғы және көктемгі

мектептер, ортақ ғылыми жобалар, сонымен қатар кос диплом бағдарламалары талқыланды. Қытайлық жетекші жоғары оқу орындары біздің университетімізбен тығыз байланыс орнатуға дайын екендіктерін жеткізді.

Central University of Finance & Economics келесі оқу жылында біздің университетімізді бітірген үздік студенттерді магистратураға қабылдауға және ол магистранттардың барлық шығындарын көтеруге, ал Beijing Normal University, Beijing Jiaotong University, Ningbo university біздің университетімізбен қос диплом бағдарламасы бойынша ынтымақтастық орнатуға, Donghua University, China University of Petroleum Beijing қытайлық «Бір белбеу

– бір жол» және қазақстандық «Нұрлы жол» бағдарламалары аясында ортақ ғылыми жобалар жасауға және екі жаққа да ұтымды пайдалы жобаларға демеушілік жасауға дайын екендіктерін білдірді.

Қазақстандық жиырмадан астам университет қатысып отырған көрмеде қытайлық жетекші оқу орындарының біздің университетімізбен байланыс орнатуға ынталы болуы – ҚазҰУ-дың халықаралық беделінің жоғары екендігінің айқын көрінісі.

Думан ЖЕКЕНОВ,
халықаралық қатынастар факультеті
деканының орынбасары, PhD доктор

■ ҚЫСҚА-НҰСҚА

Биыл Елордамыз Астана қаласында өткен VII Қазақ күресіннен әлем чемпионатында 8 алтынның бірін ҚазҰУ-дың әскери кафедрасының студенті Нигматуллаев Марат жеңіп алды.

Әлем чемпионатына 40 шақты мемлекеттен 150-ден аса балуан қатысты. Олардың ішінде Ресей, Америка, Қытай, Бразилия және Армения сынды алпауыт мемлекеттер де бар. Әлемдік деңгейдегі жарыста әр елдің ең мықты спортшылары бақ сынасты.

Марат Нигматуллаев – қазақ күресінен алғашқы алтынды еншілеген балуан Бауыржан Тәліптің шәкірті. Мараттың әлем чемпионатындағы бұл алғашқы жеңісі емес. 2013 жылы Афины қаласында өткен халықаралық жарыста самбодан екінші орынды еншілеп қайтқан болатын. Әскери өмір мен спортты ұштастырған студенттің арманы – «Болашақта нағыз әскери адамға тән қасиеттерді бойына сіңірген Отан қорғаушы болу». Осылайша Қазақстан талай жылдан бері қазақ күресінен алдыңғы қатарда танылып жүрген мемлекет ретінде мықтылығын тағы да дәлелдеді.

ҚазҰУ-дың әскери кафедрасы

На кафедре Дальнего Востока прошел специальный курс лекций по истории корейцев СНГ

Кафедра Дальнего Востока факультета востоковедения КазНУ провела специальный курс лекций о зарубежных корейцах «Корейцы СНГ» при поддержке Фонда зарубежных корейцев Республики Корея.

Занятия проводились не только в теоретической форме, но и в виде полевых исследований.

В рамках данного специального курса лекций была проведена экскурсия в городе Уштобе, в первом поселении депортированных корейцев. Студенты в сопровождении заведующего отделением корееведения кафедры Дальнего Востока профессора Ли Бенг Джо посетили несколько достопримечательностей, в том числе мемориал жертвам политических репрессий в городском парке, корейские театр и школу имени Дзержинского (нынешнюю школу имени Кошкарбаева). Студенты в атмосфере исторических событий смогли увидеть, услышать и прочувствовать историю корейцев Казахстана и СНГ.

Данный специальный курс способствует реконструкции полной картины истории развития корейской диаспоры в Казахстане, а также представить их образ жизни и особенности быта.

Н. ЕМ,
заведующий кафедрой Дальнего Востока

На факультете журналистики состоялся мастер-класс шеф-корреспондента информационного агентства «Thomson Reuters» Олжаса Ауэзова на тему «Особенности работы корреспондента информационного агентства «Thomson Reuters».

Участниками мастер-класса стали студенты специальности «Журналистика», преподаватели университета.

На встрече была затронута актуальная проблема современной журналистики – как предоставлять знания, технологии и человеческий опыт, необходимые профессионалам для решения актуальных проблем.

Олжас Ауэзов особо отметил, что ИА «Thomson Reuters» позволяет профессионалам на финансовых и рискованных, юридических, налоговых и бухгалтерских рынках и рынках средств массовой информации принимать решения, которые важны для всех, и все они основаны прежде всего на самой надежной и достоверной новостной организации в мире.

Студенты узнали, что необходимым в их дальнейшем профессиональном становлении является постоянное приобретение новых знаний, которые помогут эффективно работать в сфере международной журналистики, в частности, в информационном агентстве.

Х.М. АРГЫНБАЕВ,
к.ф.н., доцент кафедры ЮНЕСКО,
международной журналистики и
медиа в обществе

ПАРТНЕРСТВО ВО ИМЯ МИРА

В стенах Казахского национального университета прошел круглый стол на тему «Роль миротворческих сил в обеспечении мира и прав человека». Он был организован совместно с Глобальным Хабом ЮНАИ по устойчивому развитию.



Участниками круглого стола выступили второй секретарь Генерального Консула Исламской Республики Афганистан Фархад Хайдари, представитель ООН в Алматы Властимил Самек, национальный специалист по информации и коммуникации Сергей Карпов, представители Министерства вооруженных сил Республики Казахстан в лице майора Рустема Сулейменова, представители научной общественности университета и участники программы ЮНАИ.

Министерства обороны Республики Казахстан проанализировали проблемы региональной безопасности, роль Казахстана как непостоянного члена Совета Безопасности ООН в поддержке деятельности организации.

По мнению миротворца Рустема Сулейменова, в настоящее время современные студенты не только могут пройти курс, но и принять участие в миссии при наличии желания помогать людям.


«Самое главное – это беспристрастность. Военный наблюдатель считается гражданским в форме. Мы не можем брать оружие в руки. В случае необходимости военный наблюдатель

должен сам принимать решение - брать с собой охрану или нет - и оценивать обстановку», - отметил майор Рустем Сулейменов.

В миротворческих операциях военные наблюдатели являются персоналом ООН и соблюдают принцип нейтральности, не поддерживая ни одну из конфликтующих сторон. Они следят за тем, чтобы были соблюдены достигнутые мирные соглашения. Это небольшой по численности контингент военнослужащих, который вносит большую лепту в обеспечение безопасности во всем мире.

Ирина КОВАЛЬЧУК

ДИЗАЙН ТҮЙТКІЛДЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Ғылым мен білімге негізделген қазіргі ақпарат заманында көркем суретке деген көзқарас түбірімен өзгерді. Кенептің мықтысын іздейтін қылқалам шеберлері бүгінде компьютерге көз тіге бастады, өнер мен өндірісті ұштастыратын дизайн кәсібі өмірге келді. Журналистика факультетінің баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасы өміріміздегі осынау жаңа үрдістің көкейтесті мәселелерін жан-жақты қарастыру мақсатында жуырда «Ұлттық дизайн: түткілдер мен түйіндер» атты дөңгелек үстел өткізді.

Алкалы басқосуда еліміздің дизайнер-суретшілері мен мамандар, ғалымдар бас қосты. Факультет деканы Сағатбек Медеубек жүргізіп, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, қылқаламшы дизайнер Нұран Әйімбет, «Қазақ университеті» баспасының дизайнер бөлімінің менгерушісі Кәмшат Әлмұратқызы, «Әл-Фараби-принт» баспасының дизайнері Мұхтар Бекжан, Қазақстан Суретшілер академиясының мүшесі, ұстаз Бейсенбек Серікбай, жазушы, дизайнер Мұбарак Қойшыбек, баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының аға оқытушысы Дәрмен Смайыл және басқа мүдделі тұлғалар қатысқан жиында мамандық болашағының келелі мәселелері қарастырылды.

Қордаланып қалған түйткілдерге тоқталған кафедра меңгерушісі Жетпісбай Бекболатұлы талқыланатын ең басты мәселе мамандықтың оқу мерзімін 4 жылға түсіру, деп атап өтті. Бұл мамандық бойынша 2010 жылғы ақпанда мемлекеттік лицензия алынған. Онда оқу жылы 4 және 5 жыл деп көрсетілген. Сәулет және құрылыс техникасы бойынша маманданатын университеттер үшін оқу мерзімі 5 жылға есептелген. Ал, халықаралық FIBAA Агенттігі кафедра мамандықтары бойынша жуырда берген қорытындыда «оқу мерзімін қысқарту» қажеттігі атап өтілген. FIBAA сарапшысы, германиялық профессор Ехард Рохолл Еуропада дизайн мамандықтары бойынша студенттер 2-3

жыл оқитындықтарын назар аударған болатын. Осыған орай мамандық бойынша оқу мерзімін 4 жылға түсіру ұсынылып отыр.

Кафедраның аға оқытушы Лариса Мухамадиева «дизайн» мамандығы бойынша алынған Мемлекеттік лицензия дизайн сияқты көпсалалы мамандықтың бір ғана тармағын қамтитынын атап өтті. Қазіргі таңда дизайнның интерьер дизайн, киім дизайны, графикалық дизайн және басқа көптеген салалары бар. Лицензияның жалпылама болуы осы салаларды толығынан қамтуға кедергі келтіруде. Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасы бұқаралық ақпарат құралдары үшін маман кадрлар даярлайтын журналистика факультетінің құрамында болғандықтан, факультеттің оқу бағытына және бағдарламасына сәйкес Жоғары және жоғарыдан кейінгі білім Сыныптамасына «БАҚ дизайны» («Медиадизайн») мамандықтарын енгізу қажеттігі замана талабынан туындап

отыр. Сондай-ақ бұл мамандық Сыныптамаға енгізілген жағдайда мемлекеттік грант бөлу мәселесі шешімін табуы керек.

Ал, кафедра менгерушісінің орынбасары Жазира Батырханова кафедраның дизайнер және баспагер ұстаздарының «Өнер» бағыты бойынша доценттік атак алуы кезек күттірмейтін мәселе болып табылатынын атап көрсетті. Министрлік ертеректе әзірлеген Ассоциациялы профессор (доцент), профессор ғылыми атактарын беру туралы Ереже бүгінгі күн талаптарын ескере бермейді. Себебі, қазіргі таңда Халық суретшісі, Еңбек сіңірген суретші деген атақтар берілмейді, сондай-ақ ондай атак беретін қоғамдық ұйымдар да жоқ. Сондықтан шығармашылық және педагогтық өтілі жеткілікті ұстаздарға кафедра доцентінің міндетін атқарушы атағын беру қажеттігі дау туғызбайды. Осыған орай аға оқытушылар, еңбегі сіңген ұстаздар Бейсенбек Серікбайды, Лариса Мухамадиеваны, Қарлығаш

Мергенбаеваны кафедра доценттерінің міндетін атқарушы қызметіне ұсыну қажет.

«Күзретті баспагер» орталығының директоры, аға оқытушы Бейсенбек Серікбай жалпы факультетке ортақ «Коника Минолта» құрылғысын «Күзретті баспагер» орталығының да бірлесе пайдалануы қажеттігіне баса тоқталды. Қазір үшінші курс студенттері университеттің фирмалық стиліне қатысты шығармашылық тапсырысты орындау үстінде. Аталған мәселе шешілген жағдайда оқу мен өндіріс арасындағы алшақтықты кемітер едік, деп сөзін түйіндеген ұстаз сондай-ақ оқу үдерісін жақсарту жөніндегі ойларын ортаға салды.

Дөңгелек үстел жұмысына қатысушылар «дизайн» мамандығының оқу мерзімін 4 жылға түсіру, жоғары және жоғарыдан кейінгі білім Сыныптамасына «БАҚ дизайны» («Медиадизайн») мамандықтарын енгізу мәселелері бойынша университеттің Ғылыми кеңесіне, сондай-ақ Мәдениет және спорт министрлігі мен Білім және ғылым министрлігіне тиісті ұсыныстар беру жөнінде ұйғарымға келді.

Дизайн мамандығы нарықта сұранысқа ие кәсіптер қатарына жатады. Күн санап дамып отырған қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологияларға негізделетіндіктен, оны жетік игеру үшін көп оқып, іздену қажет. Бүгінде кез келген технология ағылшын тілінде сөйлейтіндіктен, тілді жетік білудің де маңызы артып тұр. Қазақтың «білім-инемен құдық қазғанға барабар», «кәсіп болса-нәсіп болады» деген нақылдары нақ осы дизайн мамандығына арналған секілді. Алайда, қыр-сырына терең үніліп, толық меңгерген жағдайда бұл мамандық өз қайтарымын еселеп беретінін болашақ кәсіп иелері жадында ұстауға тиіс. Дөңгелек үстел барысында көңілге түйгеніміз осы болды.

А. ТІЛЕПБЕРГЕН,

баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының аға оқытушысы

«БІЛІМДІ МЫҢДЫ ЖЫҒАДЫ»

Жаңаша білім беру – жаңа білім мен дағдыны меңгерген, шығармашылық қабілеті жоғары, дербес ізденіс нәтижесінде елеулі мәселелердің шешіміне қол жеткізетін, ойлау қабілетімен ерекшеленетін тұлғаны қалыптастыру.

Жуырда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқытушылардың біліктілігін арттыру институтында жас мамандардың біліктілігін арттыру курсы өтті. Осы курстан оқып үйренгендеріміз, біздің білімімізге білім қосып, біліктілігімізді одан сайын арттыра түскендей.

Оқып үйреніп, үнемі ізденіс үстінде болған ұстаз ғана балаға дұрыс білім бере алады деп ойлаймын. Осы курста дәріс берген филология және әлем тілдері факультеті, орыс филологиясы және әлем әдебиеті кафедрасының оқытушыларының дәрістерінен білім беруде қолданылатын жаңа әдіс пен инновациялық тәсілдерді үйрендім.

Бүгінгі күн – мұғалімнің біліктілігін арттыруды жалпықоғамдық мәселе ретінде қарастыру қажеттігі туған кезең. Себебі білімді тереңдету, молайту, жетілдіру, арттыру жеке басы үшін ғана емес, қазіргі қоғамға қажет әрекет деп қабылдауымыз керек. Бұл мұғалімнің өз қызметінде табысқа жетуін ғана көздемейді, оның аясын одан әлдеқайда кеңірек қарастырады. Білім беру үрдісінде мұғалімдерге елбасымыз Н. Назарбаевтың: «Өмір бойы оқып үйрену әрбір қазақтың ұстанымы болу керек» – деген сөзі ойға оралады. Сондықтан да, осындай курстан алған біліміміз өмірде пайдаланып, жақсы ұрпақ тәрбиелеуге үлес қосу алдағы менің мақсатым деп білемін.

К. ЖАПАРҚҰЛОВА,

орыс филологиясы және әлем әдебиеті кафедрасының оқытушысы

В Высшей школе экономики и бизнеса прошел круглый стол на тему «Опыт взаимодействия и сотрудничества европейских вузов с предприятиями и бизнесом» в рамках проекта Erasmus+ «Enhancement of higher education and corporate sectors integration in accordance with new social environment – ENINEDU» (2016-2019).

Участниками данного структурного проекта являются два вуза из Республики Казахстан – КазНУ им. аль-Фараби, ЕНУ им. Л.Н. Гумилёва, три российских вуза (Российский университет дружбы народов, Орловский государственный университет им. И.С. Тургенева, Самарский государственный университет экономики) и четыре европейских вуза (Университет Сантьяго де Компостела (Испания), Университет Ницца-София Антиполис (Франция), Афинский университет экономики и бизнеса (Греция), Университет Шопрон (Венгрия).

Следует отметить, что в данном проекте КазНУ является координатором консорциума. В рамках проекта предполагается разработать предложения по совершенствованию взаимодействия высших учебных заведений и бизнес-среды. Предполагается открытие Центра предпринимательства, а также разработка и внедрение интегрированной электронной платформы для Казахстана и России на основе передового опыта европейских вузов.

Во время круглого стола были обсуждены вопросы содействия в развитии компетенций представителей структурных подразделений вузов по эффективному взаимодействию с предприятиями и бизнесом на основе опыта европейских вузов.

Спикерами на круглом столе выступили преподаватели и докторанты Высшей школы

ОБЩЕЕ ДЕЛО



экономики и бизнеса и юридического факультета, члены исследовательской группы по проекту, которые в ноябре-декабре 2017 года прошли стажировку в европейских университетах – партнерах проекта.

В своем приветственном слове координатор проекта, и.о. профессора кафедры «Информационные системы» механико-математического факультета Шолпан Джомартова ознакомила участников с целями и задачами проекта. Руководитель исследовательской группы проекта в КазНУ, заместитель декана Высшей школы экономики и бизнеса по научно-инновационной деятельности и международным связям Жанат Казбекова осветила основные результаты деятельности рабочей группы за первый год реализации проекта. Как было отмечено, во время работы над проектом было проведено анкетирование работодателей и его анализ, а также изучение законодательных норм, регулирующих взаимодействие вузов и корпоративного сектора, методов, способов и инструментов взаимодействия в Республике Казахстан и европейских странах.

В рамках работы круглого стола была определена текущая профессиональная структура между работодателями и вузами,

рассмотрен опыт ЕС в области применения системы бизнес-вузов в европейских странах. Участники также обсудили проблемные области в законодательстве, образовании и предпринимательстве, в части взаимодействия вузов с предприятиями и бизнесом на основе опыта стран ЕС. В завершение встречи были выработаны предложения по требуемой структуре сотрудничества со стороны бизнес-среды, которая будет учитываться при разработке предложений и мер в рамках реализации проекта, а также рекомендации по эффективному взаимодействию с предприятиями и бизнесом.

В работе круглого стола участвовали преподаватели университетов, работники и руководители предприятий и ассоциаций, с которыми сотрудничает Высшая школа экономики и бизнеса по разным направлениям.

Жанат КАЗБЕКОВА,

заместитель декана ВШЭиБ по научно-инновационной деятельности и международным связям

КӨПШІЛІКТІК АШЫҚ ОНЛАЙН КУРС – білім берудің инновациялық технологиясы

QS халықаралық рейтингі бойынша әлемнің 800 үздік университеті арасында 236 орынға ие болған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті білім берудің инновациялық технологияларын оқыту үрдісіне ерекше назар аударып келеді. Сондай технологиялардың бірі – көпшіліктік ашық онлайн курстарды ұйымдастыру. Олар әлемдік деңгейде 2008 жылы білім беруді дамытудың болашағы зор отыз ағымдарының қатарында алғаш рет пайда болып, он жылға толмайтын уақыт ішінде өте күшті қарқынмен тарап отыр. Оқытудың мұндай инновациялық формасына қызығушылықтың күшті болғаны соншалық, «The New York Times» газеті 2012 жылды көпшіліктік ашық онлайн курстар жылы деп жариялаған да болатын.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жоғары дамуының нәтижесінде пайда болған көпшіліктік ашық онлайн курстар білім беру жүйесі мен оқытудың әдістемесінің дәстүрлі жүйесіне елеулі өзгерістер енгізді. Ең алдымен көпшіліктік ашық онлайн курстардың жаһандық сипатын атап өту керек. Негізінен алғанда әлемнің ірі университеттерінде басталған олар территориялық және уақыттық кедергілерді жойып, бір университет қабырғасымен, аудиториямен шектелмей, оқытудың әлемнің түкпір-түкпіріне, Интернет бар жеріне кең тараған және қолжетімді формасына айналды. Қашықтықтан оқыту технологияларын дамыту және сандық контентті пайдалану жоғары білім алу мүмкіндіктерін кеңейтіп, оның сапасын арттыруға, ұлттаралық коммуникацияны өркендетуге ықпал етеді. Бұл факторлардың дамушы елдер үшін маңызы ерекше екенін айтпасақ та түсінікті.

ҚАОК концепциясы оқытудың жана теориясы коннективизмнің басты принциптеріне сүйенеді. Олар: оқыту әдістерінің көптүрлілігі, оқыту мен танымды өзгермейтін жағдай емес, үнемі дамып отыратын, желі қалыптастырып, шешімдер қабылдауға жетелейтін үдеріс ретінде қарастыру. ҚАОК тыңдаушылардың (ал олардың басым көпшілігі студенттер) технологиялық сауаттылығын арттырып, белгілі бір сала немесе ғылым бойынша білімін молайтады, өзін-өзі дамытуға ықпал етеді, оның бойында өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырып, оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынасты күшейтеді. ҚАОК тыңдаушыларының арасында өздерінің жеке қызығушылықтарын қанағаттандырып, білімдерін жанартуға ұмтылатындар да бар. Бұл курстардан оқушылар, студенттер, қызметкерлер, жоғары оқу орындарының оқытушы-профессорларымен қатар, қарапайым үй шаруасымен айналысатындар, зейнеткерлер де өте алады, яғни, Интернет жүйесіне кіре алатын адамға осы курстардан өтуіне толық мүмкіндік бар, тек ниетіңіз болса болғаны. ҚАОК авторларының бірі, Стэнфорд университетінің профессоры Себастьян Трун айтқандай, «көпшіліктік ашық онлайн курстар білім беру жүйесіндегі экономикалық, нәсілдік, географиялық кедергілерді жояды». ҚАОК-тарын аталған профессор сияқты қолдаушылардың энтузиазмінің күшті болғаны соншалық, олар таяудағы елу жылда әлемде оқытудың дәстүрлі үлгісін ұстанатын оншақты ғана университет қалады, қалғандарын ҚАОК платформалары алмастырады деген болжамдарын айтып та үлгерді.

Көпшіліктік ашық онлайн курстар ұйымдастыруды Қазақстанда алғаш болып әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қолға алып, 2015 жылы университет ректоры, академик Ғ.М. Мұтановтың басшылығымен OpenEdX платформасын құрды. 2016 жылдан бастап қарқынды дами бастаған платформада оннан астам пән бойынша мектеп оқушыларына, студенттерге және жалпы көпшілікке арналған курстар өз жұмыстарын табысты жүргізіп келеді. Солардың бірі – «Әл-Фараби және қазіргі заман» курсы. Ол Ғ.М.Мұтановтың басшылығымен жазылған оқу құралының негізінде және студенттерге оқылған дәрістерге сүйене отырып дайындалды, яғни



онлайн курстың ең басты элементі – мазмұнды, теориялық деңгейі жоғары, аудиторияда сынақтан өтіп, жақсы пікірлерге ие болған өткен дәрістер жинақталды. Онлайн курсымыздың мазмұнын толық ашатын 11 дәрісті іріктеп алып, оны 4 модульге бөлдік: 1-модуль – «Кіріспе», ол екі дәрістен тұрады: «Әл-Фараби және қазіргі заман» курсы туралы; «Әл-Фарабидің өмірі мен шығармашылығы». 2-модуль «Әл-Фарабидің гносеологиясы мен онтологиясы» деп аталады және оған үш дәріс кіреді: «Әл-Фарабидің таным теориясы»; «Әл-Фарабидің логикасы»; «Әл-Фарабидің болмыс туралы ілімі». «Әл-Фарабидің ғылымдарды жіктеуі» деп аталатын 3-модуль де үш дәрістен тұрады: «Тіл философиясы»; «Натурфилософия»; «Өнер философиясы». 4-модуль «Әл-Фарабидің әлеуметтік философиясы» деп аталып, ол-«Әл-Фарабидің әлеуметтік-этикалық көзқарастары»; «Әл-Фарабидің дінге көзқарасы»; «Әл-Фарабидің ізгілік қаласы – smart-city үлгісі» деген дәрістерден құрастырылды. Дәрістердің электрондық нұсқасын толық дайындап алған соң, осы дәрістер бойынша көрнекі слайдтар жасалды. Олар ҚазҰУ Білім

берудің жана технологиялары Институты ұсынған форматта дайындалды. Сонымен қатар, әрбір дәріс бойынша тест тапсырмалары құрастырылды, тыңдаушы олардың көмегімен өз білімін тексереді және дәлелдейді.

«Әл-Фараби және қазіргі заман» курсы бойынша әрбір дәріс тақырыптың күрделілігіне байланысты 15-23 минутқа дейін созылды, бұл ең ыңғайлы уақыт деп ойлаймыз. Техникалық талаптардан басқа (дәрісті жазу кезінде аудиторияда тыныштықтың сақталуы, кедергі келтіретін бөгде адамдардың болмауы, техникалық жазу құралдарының сапасының жоғары болуы және т.б.), оқытушының дауыс ырғағы, ойын жеткізе білуі, дәріс тілін жақсы меңгеруі сияқты факторлар айқындаушы рөл атқарады. Ұзақ жылдар бойы дәріс оқу тәжірибесіне ие біз үшін ол қиынға соқпады, тыңдаушылардың пікірлеріне қарағанда, дәрісті жеткізу әдістемесі олардың көңілінен шықты.

ҚАОК-ның ыңғайлы жақтарының бірі – курсты модульдерге бөліп, біртіндеп өтуге болатыны. Осыны ескере отырып, біз 4 модульді 4 аптаға бөлдік.

Қазіргі заман инновациялық технологиялар заманы болғанымен, адамдардың басым көпшілігінде технологиялық менталитет қалыптаспаған. Ал кез келген жаңа технология осы технологиялық менталитетсіз табысты жүзеге аса алмайды, оның мысалдарын көптеп келтіруге болады. Жана техника, аспаптар, құралдарды адамдар қалай қолдануды білмегендіктен, мемлекеттердің де, жеке адамдардың да ақшасы желге ұшып, еңбектерінің еш кеткендігінің мысалдары айналамызда толып жатыр. Дәл сол сияқты, ҚАОК дайындауға кеткен қыруар уақытыңыз бен еңбегіңіз оны тыңдайтын аудитория болмаса зая кетуі мүмкін. Сондықтан, бұл бағытта да жұмыс жасаған абзал. Біз өз курсымызға тіркелу басталғанын қазақ және орыс тілдерінде әлеуметтік желілерде хабарладық. Бұл жұмыс өз нәтижесін беріп, курсқа 992 адам тіркеліп, оның 341-і соңына дейін жетті, тест тапсырмаларын орындап, курсты бітіргені туралы сертификат алды. Әлемдік тәжірибе бойынша, тіркелгендердің орташа алғанда 4 пайызы ғана курсты бітіретіндігін ескерсек, бұл жақсы көрсеткіш.

Курсты жүргізу оқытушының жүйелі қызметін қажет ететінін де ескерте кетейік. Автор курсты дайындап, ұсынып қана қоймай, курсқа тіркелген адамдардың үлгерімін, сабаққа қатысуын қадағалап отыру қажет. Оны арнайы электрондық журнал арқылы жүргізуге болады.

Сонымен, бірінші тәжірибеміз табысты аяқталды деуге негіз бар. ҚАОК жетістіктері

туралы жоғарыда айттық, енді кемшіліктері туралы өз тәжірибемізді қолдана отырып түйіндесек.

-ҚАОК оны тыңдаушылардан өз бетімен жұмыс жасай білуді, үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Оқыту үдерісіне қадағалауға бағынып қана қатысып үйренгендер (әсіресе, мектеп оқушылары), өзіндік жауапкершілігі төмен адамдар курстың соңына дейін жете алмайды. Біздің тәжірибемізде де осындай тыңдаушылар болды.

-«ҚАОК – білім беруді демократияландыру құралы» деген қағида да әлемдік деңгейде дәлелдене қоймады. Білім алудың өте ыңғайлы, қолжетімді, басым көпшілігі тегін формасы болғанымен, оларға қатысатындар негізінен алғанда жоғары білімге ие адамдар, студенттер. Қоғамның төменгі сатыларының өкілдері оларға әлі де болса аз жазылады. Мысалы, «Wall Street Journal» журналы ҚАОК дамытушы белсенді университеттердің бірі Пенсильвания университетінің курстарының 200 елден жазылған 35 000 тыңдаушысының арасында сауалнама жүргізгенде, олардың басым көпшілігі университет дипломы бар ақпаратты адамдар болып шыққан. Ал Ресей, Бразилия, Қытай, Үнді және Оңтүстік Африка сияқты елдерде ҚАОК қызығушылық танытқан, негізінен алғанда, «экономикалық элита» өкілдері екен.

-Біздің курсымыздың тыңдаушыларының мамандықтары әртүрлі, бірақ басым көпшілігі республикамыздың орта мектептері мен жоғары оқу орындарының оқытушылары. Ал осы курс «Әл-Фараби және қазіргі заман» элективті курсын ететін студенттерімізге және оқытушының оқу жүктемесіне де есептелсе, курсқа қызығушылық арта түсер еді.

-ҚАОК-қа жекелеген пәндер бойынша емес, тұтас оқу бағдарламалары ұсынылғанда ғана оның таралу көлемі арта түседі, әлемдік тәжірибе соны дәлелдеп отыр. Сондықтан, болашақта осыны ескеру қажет.

-Сонымен қатар, көпшіліктік ашық онлайн курстарды ағылшын тілінде дайындауға ұмтылған дұрыс, сонда ғана олардың таралу кеңістігі кеңейе түседі.

Жалпы алғанда, ҚАОК дайындау біз үшін жана, қиын және қызықты болды және болашақта философия кафедрасының басқа пәндері бойынша да ҚАОК жоспарлап отырмыз.

Гүлжиһан НҰРЫШЕВА,
философия ғылымдарының докторы,
профессор, философия кафедрасының меңгерушісі



Славу, признание и престиж химического факультета создавали известные ученые, элита химической науки и образования республики, которые были нашими учителями и наставниками. Это была пора великих педагогов, взрастивших и воспитавших не одно поколение достойных учеников, которые успешно продолжают дело своих учителей, которые подняли на еще более высокий уровень химический факультет, химическое образование и науку. Одним из таких достойных последователей когорты ученых является доктор химических наук, профессор Дуйсек Хайсағалиевич Камысбаев.

Педагог, ученый, человек

востребованные временем.

Область его научных интересов определилась в годы аспирантуры и докторантуры – это физическая химия, химия координационных соединений, термодинамика растворов. Изучая координационные соединения р-элементов (Sb (III, V) с органическими лигандами, он установил закономерности и строение этих соединений. Им установлены ряд закономерностей процессов комплексообразования переходных металлов с унитиолом. Определение термодинамических характеристик позволило установить ряд закономерностей этих процессов. В 1992 г. под руководством Х.К. Оспанова он успешно защитил докторскую диссертацию на тему «Координационные соединения некоторых переходных металлов с унитиолом».

В период 1986-1992 гг. Д.Х. Камысбаев работал доцентом кафедры физической химии и электрохимии КазГУ. В 1992 г. был приглашен ректором ВКГУ (г. Усть-Каменогорск) на должность проректора по научной работе и международным связям. В 2002 г. возглавил кафедру физической химии и электрохимии КазНУ им. аль-Фараби. С 2003 по 2004 гг. работал первым проректором Алматинского технологического университета. С 2004 г. по 2009 г. работал профессором кафедры физической химии и электрохимии КазНУ им. аль-Фараби и по совместительству – заместитель директора ЦФХМА. С 2009 г. по 2013 г. заведовал кафедрой аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов, в настоящее время является профессором кафедры.

Результаты научных исследований ученого явились основанием для постоянного участия в конкурсе на государственное финансирование науки и получения грантов по актуальным



проблемам химии и химической технологии. Руководил научными проектами: «Разработка основ создания композиционных материалов с использованием электрохимических реакций» (2009-2011 гг.); «Разработка и реализация технологии электрохимического формирования фрактальных наноструктур и материалов для усовершенствования производственных процессов» (2010-2012 гг.), «Разработка качественных и количественных показателей по совершенствованию системы управления стойкими органическими загрязнениями в Республике Казахстан» (2011 г.).

Профессор Д.Х. Камысбаев сочетает научно-исследовательскую работу с педагогической и общественной деятельностью, читает лекции по базовым и элективным курсам, им изданы учебно-методические и учебные пособия,

учебник для университетов «Физикалык химия» (в соавторстве) и учебное пособие «Понятийный аппарат физической химии». Им опубликовано более 200 научных и методических трудов, под его руководством подготовлено 8 кандидатов химических наук и 2 доктора PhD.

В течение ряда лет является членом диссертационных советов по защите докторских диссертаций. Д.Х. Камысбаев является академиком Международной академии акмеологических наук и член-корреспондентом Академии наук Высшей школы РК.

Труд энергичного педагога, талантливого и инициативного ученого, мудрого наставника молодежи оценен по достоинству – он награжден нагрудным знаком Министерства образования и науки РК «За вклад в развитие науки РК».

Хороший человек, профессионал, на своем месте не заменим. Его любят студенты, уважают коллеги, ценят в научных кругах. Прекрасный лектор, знаток своего дела, все лучшие черты характера: жизненный оптимизм, любовь к студентам, скромный, трудолюбивый, высоко-эрудированный, уважительное, внимательное отношение к коллегам. Является эталоном порядочности и интеллигентности в студенческой и академической среде.

**Х.С. ТАСИБЕКОВ,
А.М. ШАЛДЫБАЕВА,
А.А. МУСАБЕКОВА,
Л.К. КУДРЕЕВА,**

преподаватели кафедры аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов КазНУ

Стратегическая цель, поставленная Президентом страны Н.А. Назарбаевым, войти в круг 30 высокоразвитых стран мира может быть реально достижимой только тогда, когда будут четко определены духовные ценности и приоритеты будущего модернизирующегося общества.

СТРАТЕГИЧЕСКАЯ ЦЕЛЬ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА

указывает на общую тенденцию: «мораль и нравственность», «труд во имя общественного блага», как ценности жизни молодежи значительно уступают стремлению к личному благополучию и материальному достатку. Отвечая на вопрос: «Что имеет для Вас наибольшее значение в жизни?», на ценность собственного здоровья и создание счастливой семьи указали соответственно 45,42% и 52,55% студентов; карьерный рост выделили 24,25% опрошенных, мораль и нравственность выбрали 20,16% респондентов. «Стать богатым» считают смыслом жизни 27,02% обучающихся, «принести пользу людям», окружающему миру посчитали для себя важным 25,4% опрошенных.

Как известно, в стране с 2014 года реализуется Концепция культурной политики Республики Казахстан, направленная, в частности, на формирование конкурентоспособной культурной ментальности и высокой духовности казахстанцев.

Стратегическая установка на формирование востребованных на рынке выпускников, обладающих широким набором компетенций и высоким уровнем духовно-нравственных характеристик, последовательно претворяется в жизнь педагогическим активом КазНУ. Новая платформа развития высших учебных заведений, модель университета 4.0, представленная ректором КазНУ Г. Мутановым, – подтверждение неизбежного обращения вузовского образования к идее формирования личности, заинтересованной

в будущем своей страны. В вузе серьезное внимание уделяется формированию здорового образа жизни студенческой молодежи, ее духовно-нравственному облику, воспитанию патриотических чувств личности.

КазНУ – это одновременно целый город студентов, с собственным обслуживающим центром, музеем, новой библиотекой, фондом, который включает более 2 миллионов единиц научной и учебной литературы. Функционирует и Дворец студентов, сцена которого видела многих видных музыкантов и артистов, научных деятелей, ветеранов науки и искусства.

В университете хорошо развита спортивная жизнь, поддерживаемая мощным спорткомплексом. Систематически проводятся различные общественные мероприятия, насыщенные здоровым и разносторонним культурным досугом. Зарегистрированы театральные клуб «Эйдос», «Танцевальный ансамбль «Бахыт», дебатный клуб, команда КВН «КазГУград». На всех факультетах университета действуют разнообразные научные общества и кружки по интересам. Работает студенческое самоуправление в лице высшего студенческого Совета, сената студентов КазНУ. Активно работает студенческий профсоюз «Сункар», действует ассоциация выпускников, а также Национальное бюро по Болонскому процессу.

В силу этого создаются возможности для оптимального использования учебного и свободного времени в целях всестороннего развития личности студента.

Гуманитарные кафедры факультета философии и политологии обеспечивают условия бережного трансферта сохранившихся национальных традиций и культурных образов, сплачивающих казахстанский народ, поддерживающих актуальные социальные ценности нации, которые в последние десятилетия подверглись атаке со стороны «культуры потребления». Результаты воспитательной работы преподавателей регулярно размещаются на сайтах факультетов. Большую работу проводят и кураторы студенческих групп. На факультете философии и политологии продуктивно работает «Школа кураторов-эдвайзеров», осуществляющая методическую подготовку наставников студенческой молодежи. Весь комплекс мероприятий гуманитарных кафедр нацелен на решение глобальной задачи – сохранение духовности студенческой молодежи. Решается на практике задача органичного соединения традиционных образовательных ценностей и прагматизма профессиональной подготовки. При этом университет находится в поиске своего собственного оптимального варианта развития, поддерживающего целостность образовательного культурного потенциала молодежи.

С.М. ПУЗИКОВА,
д. пед. наук, доц. кафедры педагогике и образовательного менеджмента

■ НҰРМАХАН ОРАЗБЕКТИҢ ТУҒАНЫНА – 80 ЖЫЛ

ПРАВДА ИЛИ МИФ?

Поехать учиться за границу – сегодня уже не фантастика, а вполне себе реальность. Для многих обучение за границей является отличным шансом проявить себя и позаботиться о своем будущем. Круглый стол, проведенный в стенах кафедры международных права факультета международных отношений, раскрыл данную тематику и проанализировал возможные программы для студенческого обмена.

Сегодня многие молодые и талантливые студенты, а также выпускники нашего университета задумываются об обучении в зарубежных вузах по академической мобильности либо о поступлении на магистратуру после окончания бакалавриата, так как качественное образование является залогом успешной карьеры. В то время как национальные вузы по большей части предлагают изучение теоретического материала, многие зарубежные университеты ориентируются больше на практическую часть, поэтому соискатели работы с иностранным дипломом будут более желанны для работодателя.

Однако молодежь боится того, что возможно они недостаточно квалифицированы или же сомневаются в уровне знания иностранного языка, требуемого для обучения.

Учитывая факт, что с каждым годом все больше растет количество студентов, желающих обучиться за рубежом, под руководством преподавателей кафедры международного права З. Баймагамбетовой, А. Отарбаевой, А. Маулен на факультете международных отношений был проведен круглый стол на тему «Стипендия за рубежом – правда или миф?». Благодаря данному мероприятию студенты второго курса специальности «Международное право» ознакомились с процессом поиска возможных стипендий и грантов, предоставляемых зарубежными вузами и правительственными программами разных стран, общими правилами подачи документов, а также с существующими возможностями академической мобильности и поступления на магистратуру после окончания учебы.

Во время круглого стола, учитывая мнение студентов, совместно был проанализирован общий процесс подачи документов, подготовки эссе и мотивационного письма. Также были представлены несколько существующих путей и программ, которые обеспечивают полную оплату расходов на обучение и проживание за рубежом, как: международная стипендия Президента Республики Казахстан «Болашак»; правительственная стипендия «Korean Government Scholarship Program», обеспечивающая бесплатное обучение для поступающих на магистратуру и докторантуру; правительственная стипендия «Global Korea Scholarship» включающая возможность студенческого обмена со странами-партнерами, включительно и с Казахстаном; правительственная программа «Turkey bursları scholarship»; международная программа студенческого обмена Бюро образовательных и культурных программ Госдепартамента США для студентов дневных отделений высших учебных заведений Казахстана «Global UGRAD», которая открыта для студентов всех казахстанских вузов и всех специальностей.

Рассмотрев совместно процесс подачи документов и всего общего процесса поступления (application process) каждой из выше указанных программ, участники круглого стола пришли к выводу, что студент должен обладать хорошими оценками, достижениями. Однако, главным фактором, влияющим на итог, являются его личные качества, которые он должен отразить в письменном виде в своем эссе и мотивационном письме, а главной основой и толчком для этого является уверенность в себе.

А.А. МАУЛЕН,

преподаватель кафедры международных права факультета международных отношений

ҚАЙСАР ЖУРНАЛИСТ, БІЛІКТІ РЕДАКТОР

Нұрмахан Оразбек «Қазақ үні» газетіне берген бір сұхбатында: «Адам үшін ең бастысы – өзінің абыройын сақтап қалу», – деп айтқан екен. Қаламгер сол кісілік абыройды әрдайым биік ұстап, журналистика саласында ұзақ жылдар бойы адал қызмет етті. Кезінде әкімшіл-өміршіл жүйенің қолшоқпарын ұстаған Кеңес заманында да өз ойын тайсалмай ашық білдіре білген, мақалалары арқылы халқына танылған қайсар да білікті маман иесінің алғашқы журналистік қызметін бастаған күннен-ақ «Орталық Қазақстан» газетінің мазмұны өзгеріп сала берді.

Кез келген журналист бара бермейтін, оңайлықпен тісі бата қоймайтын тақырыптарға қалам тербеп, материалдарды осы басылымның бетіне жиі жариялайтын болды. Әрине, халықтың көкейінде сайрап тұрған сан түрлі мәселелердің сырын ашуға бел буды. Халық та сондай материалдарға құмарлық танытып, Нұрмахан Оразбектің мақалаларын іздеп жүріп оқитын жағдайға жетті. Сол тұста облыстық газеттер редакциялары басқа облыстардан шығатын газеттерді де алып отыратын. Сөйтіп, «Орталық Қазақстандағы» өзгерісті бүкіл республика журналистері де байқай бастады. Газетте Желтоқсан оқиғасына қатысты материал жарияланғанда, оған МКК атынан ескерту де жасалды. Редактор оны тындады да қойды. Осы тұста газетте қуғын-сүргінге ұшыраған жазушы Жайық Бектұровтың естелік материалдары бірінен соң бірі жариялана бастады. Ғалым Евней Бөкетов туралы естеліктердің де жолы болмай жүр екен, оларға да жол ашылды. Ақын Серік Ақсұңқарұлының мінезді өлендері де білікті редактор Нұрмахан Оразбектің арқасында оқырмандармен қауышты. Алғаш «Орталық Қазақстанға» келген сәттен бастап газетке басылған мақалалардың мазмұндылығынан оның тиражы да арта түсті. Талай қазақтың мандайына біткен асыл ер-азаматтарының есімдері де белгілі бола бастады.

1991 жылы 20 тамызда Қарағанды облыстық компартия комитеті мен облыстық депутаттар кеңесінің органы «Орталық Қазақстан» газетінің бірінші бетінде «Иә, бұл – төңкеріс» деген тақырыппен, КСРО-дағы төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитет (ГКЧП) құрылғанын айыптаған мақала шыққан еді. Осындай мақаланың жауапкершілігін өз мойнына тайсалмай алған тағы да Нұрмахан Оразбек екен. Ол «қылышынан қан тамып» тұрған кезең екендігін ескерсек, бұл мақаланы жазу тек сол заманның батыл азаматтарының ғана қолынан келеді дер едім.

«...Көреген саясатшылар әлдеқашан айтқан диктатура катері іс жүзіне айналды. Занды сайланған президенттің денсаулығы кенеттен нашарлап, елді басқара алмайтын жағдайға жетті деген қып-қызыл өтірікке сене қоятын ақымақ бүгінде күндіз қолына шам алып іздесең де табыла қоймас.

Иә, бұл қып-қызыл төңкеріс. Оған Кеңес басшылығы атынан жарияланған мәлімдемеге кімдердің қол қойғанын байқасаңыз-ақ көзіңіз жетеді...», – дейді. Жазылған мақала одан әрі былайша жалғасын табады: «Иә, бұл – төңкеріс. Ол ең алдымен «Егеменді мемлекеттер одағы туралы шартқа» қарсы бағытталған. Дәлел. Біріншіден, төңкеріс Шартқа қол қойылатын күннің қарсаңында жасалып отыр. Екіншіден, Шарт егеменді



республикаларға бұрынғыдан әлдеқайда көп дербестік, билік алып береді. Ал оған жол берілсе, ертең Орталық бұрынғыдай билеп-төстей алмайды. Бұл, басқасын былай қойғанда, күні ертең Семей полигонында жарылыс қайта басталады деген сөз. Екіншіден, төңкеріс қалыптаса бастаған демократияға қарсы жасалған. Олардың ойынша: республикалар өз бетімен бір-бірімен неге шарт жасасады. Қазақстан мен Орта Азия республикалары неге біріге бастайды? Ресей мен Қазақстан арасында шартқа неге қол қойылады? Балтық бойы республикалары, Молдавия, Грузия Кеңес Одағынан неге бөлінгісі келеді, демонстрациялар неге жасалады? Патриотизм мен интернационализм тұрғанда халықтар неге өзінің тілін, ұлттық дәстүрлерін өркендетуге құштар? Осындай «негелер» толып жатыр...», – деп жазды Нұрмахан Оразбеков «Орталық Қазақстан» газетінің 1991 жылғы 20 тамыз күнгі санында. Автор мақаласында бұл өзінің жеке ойлары екенін айта келіп, «ертең төтенше жағдай деген желеумен қара түнек күндер туа қалса, редакция коллективінің басқа бірде-бір мүшесін айыптамауды өтінемін» деп аяқтады.

Бұл мақала жарияланғаннан кейін қазақтың біртуар азаматы, жазушы Оралхан Бөкейдін «Қазақ әдебиеті» газетіне Нұрмахан Оразбек туралы жазған «Редактордың ерлігі» атты мақаласы жарық көреді. Сонымен қатар ол дәл осы «Орталық Қазақстан» газетінің басты ұраны болып саналатын «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген сөзді алып тастап, 1991 жылдың 1 қаңтарында оның орнына «Бас кеспек болса, тіл кеспек жоқ!» деген ұранды ауыстырып қояды. Жалпы «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» ұранынан Қазақстан басылымдарының барлығы осы «тамыз бүлігінен» кейін бас тартқан болатын. Осы ұран сөзді алып тастаған соң сол өңірдің жауапты қызметкерлерінің «мұныңыз не?» деген сауалына аспай-саспай жауап бергеніне таң қалмасына шара жоқ. Сабырмен түсіндіріп, бұл сөздердің әлдеқашан өз маңызын жойғанын, яғни ескіргенін жеткізген. Сонда жауапты хатшылар бұл берілген жауаптан ары аса алмай келісуге тура келген екен.

Одан соң Нұрмахан Оразбек: «Баспасөздің, журналистің жауапкершілігі дейтіннің байыбына біз әлі де тереңдеп бойлай қоймаған секілдіміз. Құдайға шүкір, азды-көпті облыстық, республикалық баспасөзді басқарды қой, сонда менің қызметкерлерге

шегелеп тұрып айтатын бір ескертпем болатын. «Мына дүниеде мыңдаған мамандық бар. Солардың дені өз шаруасы үшін өз саласына ғана жауап береді. Ал журналистика бүкіл қоғам алдында жауапты. Осыны ұмытпаңыздар», – дейтінмін. Ар жағы: қоғамда жақсы да, жаман да нәрселер жетіп артылады, кез келген қоғамда, демек жақсысын жақсылап, бірақ даурықпай, жаманына тереңірек сүңгіп, одан арылу жолын сілтей білу керек деген сөз. Әсіресе, екіншісі. Қоғамның кінәраттан арылуына септесу, мұрындық болу қоғамға деген қызметтің көкесі сол», – деген екен бір сұхбатында майталман ағамыз. Шынымен де, журналист адам мен қоғамды байланыстырушы алтын көпір іспеттес. Журналист кез келген ақпараттың немесе мәселенің ақ-қарасын анықтап, оның дұрыс не бұрыс екені туралы қоғамдық пікір тудыра білуі керек.

Журналист, публицист, редактор Нұрмахан Оразбек бар асыл ғұмырын қазақ баспасөзінің қалыптасуы мен дамуына арнады десек артық айтқандық емес. Ең алғашқы еңбек жолын аудандық «Октябрь туы» газетінде бастаған ол талай-талай елеулі еңбектер атқарды. Нұрмахан Оразбектің жеке басын, оның адамгершілік, кісілік келбетін оны танытын замандастары қаламгердің өле-өлгенше туған ұлты мен халқы үшін адал қызмет етуге ұмтылып өткенін айтады. Баспагердің журналистік жолы жетінші сыныпты оқып жүрген кезден-ақ байқалған деп айтуға негіз бар. Себебі аудандық газетте жазған қысқа ғана хабарлары журналистикаға салынған алғашқы қадамдары еді. Журналистің қаламынан туған публицистикалық мақалаларын талдай келіп, оның туған елі үшін аянбай еңбек еткенін көруімізге болады. Тағы бір естеліктерге көз жүгірте отырып байқағанымыз оның орыстандыру саясатының құрбаны болып бара жатқан Қарағанды қаласындағы жалғыз қазақ мектебін Суворов училищесіне айналдырмақ болғанда да араша түсіп, жалғыз мектепті аман алып қалғаны да үлкен ерліктің үлгісі деп білемін. Журналистика саласындағы Нұрмахан Оразбектің қоғамға тигізген азаматтық ерлік істері ешқашан ұмытылмақ емес.

Алмабек ИБРАЙЫМОВ,

журналистика факультетінің

1-курс студенті;

Ғылыми жетекшісі:

ф.ғ.к., доцент Ғалия МАЙКОТОВА

«Теңіздің дәмі тамшыдан»

Университетімізге жыл сайын соңғы толқын, соны буын келіп, өздерінің жаңа талаптарымен қуантып жатады. Жуырда филология және әлем тілдері мен журналистика факультеттерінің 1-курс студенттері арасында өткен «Жас қанат» жыр мұшайрасында мөлдір бұлақ суындай балғын тыныстың дәмін танытқан өлеңдерін оқыған жас ақындарымыз үлкен үміт күттіргендей әсер қалдырды. Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының жанынан құрылған «Әдеби жүздесулер» клубы мен М. Сералин атындағы жастар шығармашылық бірлестігі ұйымдастырған сайысқа жиырмадан астам талапкерлердің қатысуы поэзияға деген құштарлықтың артып келе жатқандығын байқатты. Қаламы төселе бастаған жас ақындар көрермендердің көзайымына айналды. Қазылар алқасының төрағасы, «Дарын» сыйлығының лауреаты, ақын Бекжан Әшірбаев жүлдегерлерді дипломдармен марапаттап, кітаптар тарту етті. Өлеңдері жаңа ізденіс, тың ұқсатуларымен дараланған филология және әлем тілдері факультетінің студенті Оралхан Зағыпар бас жүлдені жеңіп алса, I орынды журналистика факультетінің студенті Дана Русланқызы иеленді. II орын Дина Бөкебай мен Ардақ Мұсаханова, III орын Бақытжан Қахар, Сабина Лесова және Гүлжайна Ташмәмбетке бұйырды. «Теңіздің дәмі тамшыдан» да байқалатыны бар. Жас бұлақтың тасты жарып шығып, поэзия арнасына бет алған тамшы үніндей жырларының бір парасын газетіміздің 36 нөмірінде жариялаған болатынбыз. Талапты жастарымыздың жыр шумақтарының жалғасын назарларыңызға ұсынамыз.

Қахар БАҚЫТЖАН,
филология және әлем тілдері факультетінің
1-курс студенті

ЕЛІМ-АЙ

Адырдан көшкен ой құмға
Абаны қылып жамылғы,
Ажырғы салып мойныма
Абжылан заман қағынды.

Адақтап қалған жұрт үні —
Азынап соққан борандай.
Ашкөз тағдырдың құлқыны —
Аймақты жұтты, жоғалмай.

Абаққа түскен балықтан
Айырма болмай сан ықты.
Айпарадайын халықтан
«Ағайындайын» қалыпты.

Атаконысты жаулап кіл,
Арнасын елдің қайырды.
Атадан ұлды аулақ қып,
Анадан қызды айырды.

Атам заманнан ардақ ең,
Ажадан алған ақылды.
Андағай қалған қолдады ел
Ағалап шыққан батырды.

Айнала қалған жиылып,
Айбаты сынды арыстан.
Азаттық — арман биігі
Ағараң тартқан алыстан.

Ар-намыс бойға сақтаған,
Аңыз қып талай айтады ел.
Ащы сөз бізге Ақтабан,
Ашысын бізге Алқақол...

Бір уыс қамыспен-ақ тәлім соққан,
Бұл қазақ текті халық әлімсақтан.
Ұмайды пір тұтатын ұлы едік,
Арулар қайдан шықты тәнін сатқан?

Жалғанның ашылуда араны әлі,
Ұмыттық Адам Ата, Хауа Ананы.
«Бала-бақыт» дейтін ек, бұл күндері
Онай тастап кетеміз шарананы.
(Өзекке теуіп ана өз баласын,
Болып жатыр шайтанның қалағаны)

«Жетімдердің үйлерін» санарымда
Жабығып, жас іркіді жанарымда.
Көрінген көк аттыға ілеседі,
Батырып кей бұрымды нала-мұңға.
Тәлімсіз сол қыздардың кім айтады,
Жұмақтың кілті бар деп табанында.

Әкетті арбауына заман түрлі,
Батыстың баурауына санам тұнды.
Аулақта ар мен намыс ала қалды,
Ұмыт қып Домалақты, Қалампырды.

Шығарып естен Хиуаз, Шағиланы,
Ұмыттық Мәншүк пенен Әлияны.
Сән бикесін көргенде қазағымның
Айбикені іздеймін ар-ибалы.

Сұңқар баққан ел едік томағалы,
Құндылық бар биіктен жоғары әні.
Ұят сәннің қалса егер тасасында,
Ұндық сұлулардан жоғалады.

Сабыр шіркін болады төзімде мың,
Қаракөздің қалмасын көзінде мұң.
«Адамдықтың негізі — әйел» деген,
Әуезовтың зіл жатыр сөзінде шын.

Адамзатқа көрсетіп анық үлгі,
Тереңге жайғын еркін тамырыңды.
Абайлар туады тек зор анадан,
Зере мен Ұлжандайын тағылымды.

Сан қилы өткелдерден самғасам да,
Ізгілік ансап тұрар жан қашанда.
Әйелі мен бесігі тұзу ұлттың,
Нық болады тұғыры әрқашанда!

Сабина ЛЕСОВА,
журналистика факультетінің 1-курс студенті

МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН! (Мағжан Жұмабаев ізімен)

Болашақ үшін берерім
Болса деп елге керегім.
Бастадым бүгін жана жыр,
Құлақ сал, тыңда, сен, елім.

Тарихтың іздеп дерегін,
Бүгінге жинап керегін.
Қайталап басты қатырып,
Қайтемін қазып тереңін.

Шешеннің көрдік шеберін,
Шешетін түйін шеменин.
Шешілмес шерді таркатқан,
Көмейден шыққан нелер үн.

Өрлеткен өрге өрен үн,
Жыраулар өтті берен үн,
Жырларын тыңдап таркатқан,
Өр кеуде төрде төре мын.

Еселей білсең елегін,
Теңіздің түпсіз тереңін.
Маржандай асыл желегім,
Төл сөздің білдім керегін.

Көтерер елдің беделін,
Жастар көп оған сенемін.
Бір мендей адам қаншама,
Аямас қолдан берерін.

Білуге інкәр сендерді,
Жағалап іздеп келемін.
Тіліме, дінім, иманға,
Пайдасы тисе деп едім.

Жалғыз мен емес, ел ерің,
Жаксылық, жақұт терерің,
Бар жасы кара қазақтың,
Жолында жеңіс жеңерің.

Сенімін акта, сен елдің,
Білімді көтер өренім.
Кеудесін керіп дем алсын,
Санаға ой сал дер едім.

Жауқазын жастар желегің,
Толтырмақ байлық кемерің.
Қолыңнан келсе қолдай жүр,
Қолтықтан ұстап демегің.

Балғасы жожа шегенің,
Айтқаның теріс демегің.
Жастардың жайы жақсарса,
Болады солар шеберің.

Тәуелсіз елім — ерегім,
Бүгінгі бұтақ желегің,
Болашақ үшін терегің,
Жастармен жалын еремін.

Қазақтың әрбір баласын,
Шыңдардан биік көремің.
Мағжан атам айтқандай,
МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!

Әсем МАМЕЖАНОВА,
филология және әлем тілдері факультетінің
1-курс студенті

ТІЛІМ — ТІРЕГІМ

Сезінген ем сезімнің де түр-түрін,
Кім ұғынбас ұлағатын ұлтының.
Туған тілмен бірге өсіп, асқақтап,
Тілмен ұқтым сөздің сырын, сикырын.

Туған тілім — ғажабымың сен менің,
Серігімің қиналғанда сенгенім.
Бұл өмірде ешнәрсе де бере алмас,
Алтын қазық, өр тілімнің бергенім.

...Сенде сырым, сенде үнім бар еді,
Сендік қуат бар адамның жан емі.
Тіл арқылы жаңғырады сөз даңқы,
Сөз ұшында мейірімнің әлемі.

Әдемі сөз, нәзік дауыс баураған,
Талант біткен өнерлерін арнаған.
Қасиетті, қадірлі де жоғары
Бас иеді құдіретіне бар ғалам.

Өн бойында бір ғажабы бар мұның,
Сол ғажапты жаңғыртыңдар барлығын.
Ардақтайық, қорғап мәңгі, сақтайық,
Жарқ етіп туған тілдің тағдырын!

Парак қалам тағы да қантарылды,
Көңіл күпті, түсінбей аңтарылды.
Түпсіз ойлар дікендеп қаумалаған,
Қайда бұрып барасың ансарымды.

Шабыт құсым қалықтар көгімдегі,
Бұлт басты ма бүгінде көрінбеді.
Көңілімнің түндігі жабылғандай,
Өрелі жыр тұншығып өрілмеді.

Шаттық сезім, шат көңіл төрімдегі,
Кетті қайда? Үйірлі көңілге мұң.
Шарабынан шабыттың бір ұрттатышы,
Жетер енді қайғыға көмілгенім..

Сезім тулап сен бүгін өртенбедің,
Күміс жырдың жиегін көмкермедің.
Батып тұр-ау жаным, қаламсабым,
Сауытыңды сәл ерте төңкергенің.

Келіп еді жырымды көркемдегім!

Айдана БЕЙСЕН,
филология және әлем тілдері факультетінің
1-курс студенті

ЖАЛҒЫЗ АЯҚ ЖОЛ

Келемін...
Сан түрлі бағыт алдымда
Бір-бір жол болып қалдың ба?
Таңдауға уақыт келгенде,
Айналды бәрі сағымға.

Жүремін...
Берілген маған жолды анық,
Жақыным, мейлі, алысым
Бағалар мені сынға алып,
Сынға алып іштей, сыр бағып.

Өтермін...
Қиындықтарды еңсеріп,
Кезінде әбден теңселтіп.
Апаттай үлкен қорқыныш
Жанарымда қалды тез сөніп.

Аяқсыз...
Сақтаған ішке сыры бар
Білмеген оған жығылар.
Демін де татып көрмесе,
Айтқанға оңай кім ұғар?

Жалғыз аяқ жол...
Көріндің кейде неге алыс?
Бітпейтін түрлі қыры бар
Өмірдің өзі — бір жарыс...

АҚ ТАҢДАР

Арайлап атқан ақ таңдар —
Жүрекке сәуле жаққандар!
Үміт пен сенім оятып,
Күнбатыс жаққа батпаңдар!

Сендермен бірге оянам,
Сәулене сенің тоя алман.
Мезгілдің жылдам өткенін
Білгізді маған ой-арман.

Қуанам ақ таң атқанда,
Ұйқыдан тұрып жатқанда.
Ғажайып әсем дүние
Шұғыла — көзін ашқанда.

Дайындаған: Сәлима ҚАЛҚАБАЕВА,
ф.ғ.к., профессор м.а.,
«Әдеби жүздесулер» клубының жетекшісі
(Соңы. Басы өткен сандарда)



В КазНУ проходит 46-я спартакиада, которая стартовала 4 января. В традиционном спортивном мероприятии принимают участие команды, из числа штатных преподавателей, сотрудников, докторантов факультетов. В программу включены следующие виды спорта: мини-футбол, шахматы, волейбол (мужской, женский), настольный теннис, бадминтон, дартс, тогызкумалак.

ЗИМНЯЯ 46-Я СПАРТАКИАДА «Здоровье» набирает обороты



На сегодняшний день завершены соревнования по шахматам, волейболу у мужчин, бадминтону и дартсу. Больше всех побед у команды механико-математического факультета (первое место в дартсе, второе – в мужском волейболе и третье – в шахматах). В мужском волейболе и бадминтоне лидером стала сборная команда ректората, в состав которой вошли представители разных подразделений. Лучшие шахматисты работают на физико-техническом факультете.

Университетская спартакиада – это прежде всего – массовость и стремление к здоровому образу жизни. Не все могут стать победителями, но все могут получить удовольствие и заряд бодрости от участия. Поэтому накал страстей в эти январские дни в спорткомплексе не

уступает олимпийскому. Активно выступают сборная библиотеки, военной кафедры,

факультета химии и химической технологии. Декан факультета журналистики С. Медеубек защищал свою команду в настольном теннисе, директор центра ситуационного управления Е.Х. Ишанов играл за сборную ректората в бадминтоне.

Предстоят еще битвы на футбольных полях, игры по волейболу среди женщин, сражения в тогыз кумалак. 46 межфакультетская спартакиада «Здоровье» завершится 12 января. Факультеты и подразделения, занявшие призовые места, будут награждены дипломами соответствующих степеней и памятными кубками профсоюза «Парасат».

О.П. ЛОЖНИКОВА,
зам. председателя профсоюза «Парасат»;
Н.П. ТАГАНОВА,
главный судья спартакиады

Тәртіп болмай ҚОҒАМ АЛҒА БАСПАЙДЫ



Кез келген қоғамның іргетасы тәртіптің алтын кірпішімен қаланары анық. Ғұмырын осы қастерлі ұғымның шынайы қызметкерлігіне арнаған жандар да баршылық. Соның бірі де, бірегейі ҚазҰУ-дың қауіпсіздік қызметкері – Жұмакерей Ешаманқызы.

Әріптестері Жұмақұл, Жұмағұл деп атайды. Ал біз осы бір қарапайым ғана қызметкердің өмір жолынан қысқаша сыр бөліскенді жөн көрдік. Бір кездері Жұмакерей ханым да Ақтөбеден арман қуып келген жастардың бірі еді. Оқуға түсу оңай болмағандықтан, оны еңбек қана есейтті. Тіршіліктің тілін тауып, адал еңбекпен өз мақсатына қарай қол созды. Қатарынан он жылдан астам уақыт оқуға құжат тапсырғанымен, тек 2000 жылы ғана студент атанудың сәті түседі. Дәл сол жылы өзі армандаған оқу орнына түскенімен, арманның да өтпелі екенін түсінді. Бір жыл өткен соң басқа университет, басқа мамандықтың иесі боларын да білмеген еді.

Қолына дипломын алып, еңбекке қайта араласқаннан кейін полициялық бақылау бөлімі мен қалалық өрт сөндіру мекемесі бақылау

қызметінде және ҚазҰУ-дың бейнебақылау жүйесін қадағалау орталықтарында қызмет атқарды. Бұл күндері Жұмакерей Тренова ҚазҰУ-дың «Жас ғалымдар үйінде» бақылау қызметін жалғастырып келеді.

Тәртіп пен қауіпсіздік – қастерлі ұғым. Ол қоғамның тыныштығына, салауаттылығына негіз болады. Ал біздің кейіпкеріміз болса, еңбек жолын осы салада ер-азаматтармен теңдей атқарып жүрген нәзік жанның бірі. Қауіпсіздік саласында бақылаушы болу асқан жауапкершілікті талап етеді. Жұмакерейдей жауапты жандар барда қоғамда тәртіп те, қауіпсіздік те бұзылмайтынына сенім мол.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
философия кафедрасының
1-курс PhD докторанты

Үміт сыйлаған кездесу

Алдыңғы қатарлы дамыған елдердің қатарына қосылу жолында өскелең ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеп, олардың бойындағы Отанына деген патриоттық сезімін ояту аса маңызды. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында жастар тәрбиесіне ерекше мән беріледі. Дәл осы негізде ҚазҰУ қабырғасында да «Айналаңды нұрландыр» жобасы аясында көптеген игілікті шаралар атқарылуда. Сондай шаралардың бірі ретінде тарих, археология және этнология факультетінің 2-курс магистранттарының ұйымдастыруымен жүзеге асқан қайырымдылық шарасын айтуға болады.

Біз Алматы қаласының Бегалин көшесінде орналасқан «Жанұя» балалар үйіне барып, балалармен тілдесіп қайттық. «Жетім көрсен жебей жүр» дейді халқымыз. Балалар үйінде өсіп жатқан балалар мен жас жеткіншектерге тәрбиешілер, ұстаздар және жан-жақтан көмектесуші қауым нақ ата-ана жылуын бере алмасы анық. Дегенмен бір сәт болса да балаларға қуаныш сыйлауды мақсат еттік.

Шағын мерекелік шарада балалар да бар өнерлерін ортаға салды. Бірі такпақ айтса, бірі өлең айтып, бәрімізді тәнті етті. Олардың жанарында үлкен үміт, мейірім оты лаулап тұрды. Тіпті, ақыл-ой жағынан кемшілігі бар балалардың өзі шама-шарқына орай қолынан келгенін жасауға тырысты. Біз де олардың

қабілетін оятып, жүздерінен қуаныш көру үшін түрлі ойындар ұйымдастырдық. Тәрбиешілер мен ұстаздар қауымы да бізбен бірге мәз-мейрам болып, біз де балаша қуандық. Арманға қол жеткізу үшін, барлық кедергілерді қаймықпай жеңу үшін білім алудың маңызы орасан зор екендігін түсіндіруге тырыстық. Кішкентай бала жүректеріндегі мейірімді ұлғайтуды мақсат етіп, балаларға арнап сыйлықтар таратып, алдағы күндеріне тек қана сәттілік тілеп қайттық.

Абылайхан ТЫНЫШТЫҚБАЙ,
тарих, археология және этнология
факультетінің 2-курс магистранты;
Жетекшісі: Гүлжан БЕДЕЛОВА



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Тілшілер: **Айнур АҚЫНБАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА**
Дизайнер: **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші: **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Дәуір" ЖШС РПБК-де басылды. Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17

Тел: 8(727) 273-12-04

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №3037

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.